ҒТАМР 11.07.21 https://doi.org/10.26577/jpcp973202613

С.С. Сүйіндіков, С.Ш. Мұсатаев*, Риза Иса, Б.Л. Махмутов

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан
*e-mail: mceka@mail.ru

ЖАҺАНДАНУ МЕН ЦИФРЛАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ САЯСИ АБСЕНТЕИЗМНІҢ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ (Scopus және Web of science мәліметтері негізінде)

Бұл мақалада Scopus және Web of Science мәліметтері негізінде экономикалық жаһанданудың туындатқан құрылымдық оқшаулану сезімі мен цифрландырудың қамтамасыз еткен жаңа өзара әрекеттесу формаларының саяси абсентеизмнің сипаты мен ауқымын қалай өзгертетінін қарастырылады. Зерттеу жаһанданудың ұлттардың бірегейлену қабілетін әлсіретететін әсерлері мен цифрлық платформалардың ұсынатын қатысу мүмкіндіктері арасындағы шиеленісті сайлаушылар мінез-құлқы мен институционалдық сенім аясында талдайды. Зерттеудің теориялық негізі рационалды таңдау теориясын, азаматтық еріктілік моделін және цифрлық алшақтық тәсілдерін біріктіру арқылы құрылды; осы негіз бойынша төрт негізгі гипотеза дайындалды. Аралас әдіснамалық зерттеу дизайнын қолданатын жұмыста цифрлық платформалардағы қатысу деңгейлеріне қатысты сандық деректер құрылымдық теңдеулер модельдеуі арқылы талданды, ал азаматтардың платформалық тәжірибелеріне қатысты қабылдаулары терең сұхбаттардың тақырыптық мазмұн талдауы арқылы бағаланды. Нәтижелер цифрлық сауаттылық деңгейі жоғары жас сайлаушылардың желіге негізделген белсенділікті дәстүрлі сайлау учаскесіндегі қатысуға қарағанда артық көретінін, ал цифрлық дағды мен инфрақұрылымға қолжетімділіктегі теңсіздіктердің қарттар мен әлеуметтік-экономикалық мәртебесі төмен топтарды саяси процестерден одан әрі алыстататынын көрсетеді. Сондай-ақ цифрлық платформалардағы ашықтық пен есептілік тетіктерінің жеткіліксіздігі мемлекеттік және саяси институттарға деген сенімді төмендетіп, “цифрлық абсентеизм” деп аталатын жаңа құбылыстың қалыптасуына негіз болады.

Зерттеушілердің пікірінше, цифрлық демократиялық құралдар өкілдік дағдарысын жалғыз өзі шеше алмайды, бірақ дизайн принциптері мен сенімді есеп беру жүйелерін қолдау арқылы қатысу демократиясына үлес қоса алады. Қорытындылай келе, саяси абсентеизмді тек саяси қатысудан бас тарту құбылысы ретінде емес, жаһандану мен цифрландыру үдерістерінің өзара ықпалдасуы нәтижесінде қалыптасатын құрылымдық сенімсіздіктің көрінісі ретінде қайта тұжырымдау ұсынылады.

Түйін сөздер: жаһандану, цифрландыру, саяси абсентеизм, сайлаушылардың қатысуы, цифрлық алшақтық, институционалдық сенім.

S. Suyundikov, S. Mussatayev*, Riza Issa, B. Makhmutov
Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
*e-mail: mceka mceka@mail.ru

Transformation of political absenteeism in the context of globalization and digitalization (based on Scopus and Web of Science data)

Based on data from Scopus and the Web of Science, this article examines how the sense of structural isolation caused by economic globalization and the new forms of interaction provided by digitalization are changing the nature and scale of political absenteeism. The study analyzes the tension between the effects of globalization, which weakens nations' capacity for identity, and the opportunities for participation offered by digital platforms in the context of voter behavior and institutional trust.

The theoretical basis of the research was created by combining the theory of rational choice, the model of civic volunteerism and approaches to digital distancing; on this basis, four main hypotheses were prepared. In the work, which uses a mixed methodological research design, quantitative data related to levels of participation on digital platforms were analyzed using structural equation modeling, and citizens' perception of the platform's experience was assessed using a thematic analysis of the content of in-depth interviews. The results show that young voters with a high level of digital literacy prefer online activity to traditional participation in polling stations, and inequality in access to digital skills and

 © 2026 Al-Farabi Kazakh National University

infrastructure further alienates older people and groups with low socio-economic status from political processes. In addition, the lack of transparency and accountability mechanisms on digital platforms reduces trust in government and political institutions and creates the basis for the formation of a new phenomenon called "digital absenteeism".

According to the researchers, digital democratic tools cannot deal with the crisis of representation alone, but they can contribute to participatory democracy supported by the principles of enabling design and reliable accountability systems. In conclusion, it is proposed to reformulate political absenteeism not only as a phenomenon of refusal from political participation, but also as a manifestation of structural insecurity resulting from the interaction of globalization and digitalization processes.

Keywords: globalization, digitalization, political absenteeism, voter turnout, digital divide, institutional trust.

С.С. Суюндиков, С.Ш. Мусатаев*, Иса Риза, Б.Л. Махмутов
Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан
*e-mail: mceka@mail.ru

Трансформация политического абсентеизма в условиях глобализации и цифровизации (на основе данных Scopus и Web of Science)

В этой статье на основе данных Scopus и Web of Science рассматривается, как чувство структурной изоляции, вызванное экономической глобализацией, и новые формы взаимодействия, обеспечиваемые цифровизацией, меняют характер и масштабы политического абсентеизма. В исследовании анализируется напряженность между последствиями глобализации, ослабляющей способность наций к идентичности, и возможностями участия, предлагаемыми цифровыми платформами, в контексте поведения избирателей и институционального доверия.

Теоретическая основа исследования была создана путем объединения теории рационального выбора, модели гражданской добровольности и подходов к цифровому дистанцированию. На этой основе были подготовлены четыре основные гипотезы. В работе, в которой используется смешанный методологический дизайн исследования, количественные данные, относящиеся к уровням участия на цифровых платформах, были проанализированы с помощью моделирования структурных уравнений, а восприятие гражданами опыта платформы оценивалось с помощью тематического анализа содержания глубоких интервью. Результаты исследования показывают, что молодые избиратели с высоким уровнем цифровой грамотности предпочитают сетевую активность традиционному участию на избирательных участках, а неравенство в доступе к цифровым навыкам и инфраструктуре еще больше отталкивает пожилых людей и группы с низким социально-экономическим статусом от политических процессов. Кроме того, отсутствие механизмов прозрачности и подотчетности на цифровых платформах снижает доверие к государственным и политическим институтам и создает основу для формирования нового явления, называемого «цифровым абсентеизмом».

По мнению исследователей, цифровые демократические инструменты не могут справиться с кризисом представительства в одиночку, но могут внести свой вклад в демократию участия при поддержке принципов обеспечивающего дизайна и надежных систем подотчетности. В заключение, предлагается переформулировать политический абсентеизм не только как феномен отказа от политического участия, но и как проявление структурной незащищенности, формирующейся в результате взаимодействия процессов глобализации и цифровизации.

Ключевые слова: глобализация, цифровизация, политический абсентеизм, явка избирателей, цифровой разрыв, институциональное доверие.

Кіріспе

Жаһандану үдерістерінен туындаған экономикалық белгісіздік және цифрландырудың жаңа коммуникациялық мүмкіндіктері дәстүрлі саяси қатысу тетіктерін трансформациялап, саяси абсентеизмді қазіргі саяси ғылымдағы күрделі зерттеу мәселелерінің біріне айналдырды. Бұл зерттеу экономикалық жаһанданудың туындатқан әлеуметтік наразылық пен цифрлық платформалардағы поляризацияның сайлаушылар мінез-құлқы мен институционалдық сенімге тигізетін әсерлерін талдай отырып, абсентеизмнің жаңа формаларын ашуды мақсат етеді. Атап айтқанда, экономикалық интеграцияның демократиялық өкілдік қабілетін әлсіретуі және саяси уәделерді орындауды қиындатуы сайлаушылардың демократиялық процестерден алыстауына себеп болатын негізгі құрылымдық кедергілерді құрайды. Осыған байланысты, жаһанданудың ұлттық деңгейдегі саяси өкілдік етушілердің шешім қабылдау дербестігін шектеуі азаматтардың

саяси өкілдікке қанағаттану деңгейін төмендетіп, олардың сайлауға қатысудан бас тарту үрдісін күшейтеді.

Екінші жағынан, цифрлық дәуір туындатқан ақпараттық ластану мен ақпараттық жаңғырық кеңістіктері (echo chambers) саяси бөгделенуді тереңдетіп, сайлаушылардың дәстүрлі саяси қатысу тетіктерінен гөрі балама наразылық білдіру нысандарына бет бұруына ықпал етеді. Осы тұрғыдан алғанда, зерттеудің негізгі мақсаты – жаһандану нәтижесінде қалыптасқан экономикалық бөгделену құбылысы мен цифрландырудың оқшаулау тетіктері азаматтардың саяси сәйкестілік сезімін қалай әлсіретететінін және мұның сайлаушылардың саяси ерік-жігерінің бәсеңдеуіне қалай ықпал ететінін талдау болып табылады.

Сол үшін бұл зерттеу электронды демократиялық инновациялар сайлаушылардың өкілдік дағдарысын еңсерудің тиімді құралы бола алатынын немесе, керісінше, саяси бөгделенуді одан әрі тереңдете ме деген мәселені талдай отырып, технологиялық трансформацияның саяси қатысуға ықпал ететін екіжақты әсерін зерделейді. Осы екіұдай құрылымды түсіну мақсатында, тарихи тұрғыдан заманауи демократиялық институттарға бағытталған сын-пікірлер мен цифрлық медиалардың ұсынатын баламалы қатысу тәжірибелері салыстырмалы тәсілмен талданады. Зерттеудің келесі бөлімдерінде теориялық негіз аясында абсентеизмнің цифрландыру барысында трансформациялануының нақты көріністері талданады. Демократиялық жүйелерде заңдылық дағдарысын жеңу мақсатында ұсынылған цифрлық шешімдерінің қолданыстағы құрылымдық кедергілер алдындағы әлеуетті шектеулері мен бұл құралдардың әлеуметтік қамтуға тигізетін әсерлері жан-жақты қарастырылады. Зерттеу цифрландырумен өзгеретін сайлаушы еркінің табиғатын анықтай отырып, өкілдік дағдарысының жаһандық көріністерін және жеке қатысу деңгейіндегі көріністерін біртұтас тәсілмен бағалауды мақсат етеді. Осылайша, өкілдік дағдарысы, азаматтық қатысудың әлсіреуі және цифрлық платформалардың ұсынатын жаңа қатысу мүмкіндіктері арасындағы шиеленіс заманауи демократиялар бетпе-бет кездесетін заңдылық ретінде мәселесінің өзегі ретінде қарастырылады.

Зерттеудің келесі бөлімдерінде цифрлық демократиялық инновациялардың саяси бөгделенуді еңсерудегі шектеулі әлеуеті талданады. Сонымен қатар, құрылымдық теңсіздіктер шеңберінен тыс, алгоритмдік рационалдылықтың азаматтың саяси субъектілігін *“алгоритмдік азамат”* моделіне қалай трансформациялайтыны қарастырылады. Осы тұрғыдан саяси қатысу делибератив тік[1] ерік білдіру үдерісі ретінде емес, деректерге негізделген алгоритмдік реакциялар цикліне тәуелді құбылыс ретінде бағаланады. Нәтижесінде саяси абсентеизм саяси үдерістерден жай ғана алшақтау емес, керісінше цифрлық технологиялық ортаға бейімделудің жүйелі стратегиясы ретінде қайта түжырымдалады.

Осыған сәйкес, зерттеу цифрлық құралдардың демократиялық қатысуды нығайту әлеуеті мен осы құралдардың қолданыстағы билік асимметрияларын күшейту қаупі арасындағы күрделі байланысты эмпирикалық және теориялық жазықтықта сұрақ ретінде қояды. Сөйтіп саяси өзін-өзі анықтаудың техникалық инновацияларымен құрған осы нәзік байланысы демократияның құрылымдық трансформацияға ұшырағаны туралы болжаммен бірге талқылауға ашылады. Сөйтіп, азаматтардың цифрлық платформалардағы өзара әрекеттесулерінің дәстүрлі саяси сәйкестіліктен ажырауды жеделдететінін және қатысушылықты әрекеттен гөрі пассивті реактивтілік циклына дейін жеңілдететін *“бөгделенген саяси қатысушылық”* формасына айналуын талданады. Сондықтан бұл зерттеу демократиялық қатысудың жаһандық және цифрлық контексте қайта анықталуымен абсентеизмнің жай ғана дауыс бермеу әрекеті емес, құрылымдық сенімсіздік пен технологиялық оқшауланудың көрінісі екенін сапалы мазмұндық талдау мен әдебиеттерге шолу әдістері арқылы қарастырылады. Зерттеу цифрландырудың қамтамасыз еткен қатысу мүмкіндіктерінің демократиялық процестердегі тереңдеп бара жатқан өкілдік дағдарысын өтеу әлеуетін сұрақ ретінде қоя отырып, аталған цифрлық платформалардың ақпараттық экожүйелерінің азаматтардың рационалды саяси таңдау жасау қабілетін қаншалықты қолдайтынын да зерттейді.

Бұл талдау цифрлық платформалардың ұсынатын өзара әрекеттесу мүмкіндіктерінің демократиялық заңдылықты нығайтатын құралдар ма, әлде құрылымдық теңсіздіктерді қайта жаңғыртатын әлеуметтік-техникалық тетіктер ме екенін айқындауды мақсат етеді. Зерттеу аясында азаматтардың саяси процестерге қатыспау туралы шешімдерінің цифрлық экожүйелердің есепте-

[1] Делибератив ті демократия – бұл консенсусқа қол жеткізуге бағытталған ұтымды және дәлелді қоғамдық пікірталас аясында қоғамдық күн тәртібі қалыптасатын саяси режим.

лінуі мен деректерге негізделген бағыттау тетіктерімен қалай байланысатынын талдай отырып, аталған саяси пассивтілік тек дәстүрлі институттарға деген сенімсіздік емес, сонымен қатар цифрлық дәуірдің әкелген осы жаңа рационалдыққа қарсы дамыған қорғаныс немесе бейімделу тетігі бола алатыны көрсетіледі. Осылайша саяси абсентеизм технологиялық қоршаған орта алдында жеке адамның еркін деректерге негізделген реакциясын жеңілдетіп, демократиялық қатысудың сипатын өзгертетін құрылымдық күбылыс ретінде қайта анықталады. Осы тұрғыдан қарағанда, цифрлық қатысу платформаларының демократиялық рәсімдерді тереңдету уәделеріне қарамастан, ашықтық пен кері байланыс тетіктеріндегі кемшіліктердің азаматтың саяси жүйемен құрған сенім қатынасын одан әрі зақымдайтыны байқалады. Нақты айтқанда, цифрлық құралдардың саясатты әзірлеу мен жүзеге асыру процестеріндегі есеп берушілікке қатысты көрсеткен жеткіліксіздіктері азаматтардың саяси қатысушылық процестерге деген сенімін әлсіретіп, жүйелі түрде бөгделенуін нығайтады. Бұл жағдай Хенсманның теориялық негізіне сүйене отырып, сайлаушылардың күткендері мен кездесетін сапасыз қатысу процестері арасындағы айқын қайшылыққа “шығу” стратегиясымен жауап беретінін көрсетеді (Hensmans, 2021, p. 120778). Осыған сәйкес, цифрлық медиаларда тәжірибеленетін өзара әрекеттесу сапасының төмендігі мен демократиялық талқылау процестеріндегі құрылымдық шектеулер азаматтардың институционалдық саясатқа деген қашықтығын тереңдететін “қатысушылық шаршауын” тудырады. Аталған “саяси шаршау” азаматтардың платформаға негізделген цифрландыру процестеріне қатысты қашықтықтағы ұстанымын “цифрлық абсентеизм” формасына кристалдандыра отырып, дауыс берушілер мен өкілдер арасындағы танымдық алшақтықты да тереңдетеді.

Бұл тұрғыда цифрлық құралдардың демократиялық қатысуды кеңейту мақсаты мен осы платформалардың туындатқан құрылымдық теңсіздіктері арасындағы қайшылықтар азаматтардың саяси процестерге қатысу формаларын қайта қалыптастырады. Сәйкесінше, цифрландырудың қамтамасыз еткен технологиялық мүмкіндіктердің демократиялық құндылықтармен және институционалдық нәтижелермен қалай өзара әрекеттесетіні теориялық талқылау мен эмпирикалық бақылау аймағы ретінде де қарастырылады. Бұл процесте цифрландырудың уәде еткен қатысушылық (партисипаторлық) демократия[2] модельдерінің қолданыстағы институционалдық құрылымдар мен азаматтардың үміттері арасындағы қайшылықтарды қалай тереңдететіні; деректерге негізделген басқару тәжірибелерінің саяси аймақты рационалды талқылау алаңынан өлшенетін реактивтілік аймағына қалай айналдыратыны мәселе ретінде қаралады. Зерттеу цифрлық платформалардың ұсынатын интерфейстерінің азаматтық ерікті қалыптастыратын әлеуметтік-техникалық тетікке айналуы арқылы қатысуды пассивтендіретін және дәстүрлі саяси бірегейленудің эрозиясына әкелетін жаңа абсентеизм формасын қалай құрастыратынын ашуды мақсат етеді. Осылайша зерттеу цифрландыру мен демократияның құрылымдық элементтері арасындағы шиеленістің заманауи азаматтың саяси жүйе алдындағы позициясы арқылы қалай қайта анықталатынын және бұл трансформацияның жаһандық деңгейдегі өкілдік демократия дағдарысымен қалай тоғысатынын талдамалық жазықтықта талқылайды.

Әдебиеттерге шолу

Кіріспе бөлімде осы мәселенің теориялық негізін нақтылау мақсатында, алдымен саяси абсентеизм құбылысының тарихи дамуы мен цифрландыру процесіндегі трансформациясын түсіну үшін классикалық өкілдік демократия теориялары мен заманауи технологиялық детерминизм арасындағы ғылыми әдебиеттегі талқылауларды қарастыру қажет. Біз бұл мақсатта негізінен рецензияланатын ғылыми әдебиеттердің бірыңғай библиографиялық және рефераттық дерекқорлары – Scopus және Web of Science (WoS) материалдарына жүгіндік. Республикалық дәстүрде азаматтық ізгілік пен саяси қатысу міндеттілігі негізгі құндылық ретінде көрінсе, заманауи кезеңде осы құндылықтардың цифрландырудың ұсынған құралдарымен қалай қайта қалыптасатыны әдебиетте кең талқылау мәселесін құрайды. Атап айтқанда, С. Берг пен Дж. Хофман электронды (цифрлық) демократияны жақсарту құралы ретінде қарастыратын оптимистік көзқарастар ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың демократиялық процестерді тікелей ынталандыратынын алға тартса,

[2] Партисипаторлық демократия (Participatory democracy, қатысу демократиясы) – азаматтар өздерінің өміріне әсер ететін саяси шешімдер мен саясатқа сайланған өкілдер арқылы емес, өздері жеке және тікелей қатысатын басқару нысанын білдіреді.

қарсы көзқарастар бұл платформалардың институционалдық құрылымдарды әлсіретіп, саяси процестерде тұрақсыздыққа әкелетінін көрсетеді (Berg & Hofmann, 2021, p. 5). Шындығында, цифрлық демократияға қатысты әдебиет аталған технологиялардың демократиялық басқаруды қайта құрылымдай алады деген сенім мен осы цифрлық тетіктердің институционалдық эрозияны жеделдетіп, "халық саясатқа қарсы" ренішін қоректендіретін құрал болып табылады деген сынның арасында екіге бөлінеді (Hensmans, 2021, p. 120778). Бұл дихотомия бір жағынан цифрлық құралдардың демократиялық қатысуды тікелей ынталандыратын әлеуетін алға шығаратын қатысушылық демократия жақтаушыларын, екінші жағынан бұл платформалардың институционалдық заңдылықты шайқалтатын "платформалық популизм" секілді бақыланбайтын тәртіпсіздікті қоректендіретінін атап көрсететін сыни көзқарастарды қамтиды.

Бұған қарсы, кейбір зерттеушілер саяси қатысудың табиғаты өзгергенін, бірақ бұл қатысудың қарқындылығы мен ауқымының цифрлық дәуірде түрлі медиа мен профильдермен жалғасатынын алға тартады (Jeroense & Spierings, 2022, p. 3). Атап айтқанда, цифрлық саяси қатысу мен белсенділік, бюджеттеу секілді тәжірибелер дәстүрлі саяси қатысу модельдерінен асып, азаматтарды тікелей саясат процестеріне тартуды мақсат ететін жаңа күшейту стратегиялары ретінде әдебиетте кең орын алады (Sharma et al., 2022).

Соған қарамастан, цифрлық платформалардың ұсынатын осы тікелей саяси қатысу арналарының азаматтарды кеңірек қоғамдық кеңістіктермен немесе ұйымдасқан азаматтық қоғам құрылымдарымен жеткілікті түрде біріктірмеген жағдайда демократия үшін трансформациялық әсерінің шектеулі қалатыны туралы алаңдаушылық әдебиетте маңызды талқылау тақырыбы болып табылады (Garančovská & Meislová, 2026, p. 4). Сонымен қатар, цифрлық құралдардың демократиялық қатысуға тигізетін әсерлерінің азаматтарды жай ғана пайдаланушы жағдайына жеңілдету қаупін алып жүретіні атап өтіліп, мұндай технологиялардың нағыз мағынада ашықтық пен қамтуды қамтамасыз ете ме, жоқ па деген сұрақ қойылады. Себебі цифрлық қатысу тәсілдерінің жоспарлау процестерінің демократияландырылуына үлес қоса алатыны сияқты, шеттетуші және манипуляциялық тәжірибелерге негіз дайындау әлеуеті де осы құралдардың заңдылығын даулы етеді. Бұл екіұдай құрылым азаматтың жүйемен байланысын технологиялық интерфейстер арқылы қайта анықтай отырып, платформалардың демократиялық уәделері мен практикалық нәтижелері арасында үнемі шиеленіс аймағын құрайды.

Технологиялық мүмкіндіктердің саяси шешім қабылдау тетіктерін ашық ету мақсаты, әдетте, техникалық күрделіліктермен, алгоритмдік шектеулермен және цифрлық қолжетімділіктегі теңсіздіктермен көлеңкеленеді. Сондықтан, қатысушылық процестердің цифрландырылуы азаматтық ерікті тікелей көрсетуден гөрі, осы ерікті цифрлық платформалардың құрастырған шекараларында шектелген немесе белгілі бір бағытқа арналған қатысуға жеңілдетуге әкелуі мүмкін. Ақыр соңында бұл трансформация дәстүрлі саяси қатысудың эрозиясына үлес қосатын және азаматтарды демократиялық процестердің шеткі аймағына итеретін жаңа *"цифрлық жатсыну"* формасын тудырып, саяси абсентеизмді цифрлық жазықтықта үнемі қайта өндіреді.

Осы тұста, цифрлық платформалардың құрылымдаған өзара әрекеттесу модельдері тек техникалық жеңілдетуші ретінде ғана емес, сонымен қатар қатысушылық мінез-құлықты алдын ала белгіленген шекараларда манипуляциялайтын әлеуметтік-техникалық құрылым ретінде де қызмет атқарады (Palacin et al., 2023). Бұл платформалар саяси қатысудың ауқымын кеңейтудің орнына, қолданыстағы теңсіздіктерді тереңдетіп, *"цифрлық алшақтық"* арқылы қазірдің өзінде тиімсіз жағдайдағы топтарды шеттетуге себеп болуы мүмкін (Laborgne et al., 2021, p. 16; Shahab et al., 2021, p. 103285). Бірқатар шетелдік ғалымдардың пікірінше, техникалық сауаттылық деңгейі төмен немесе цифрлық инфрақұрылымға қолжетімділігі шектеулі топтардың қатысу процесінен толық ажырауы цифрландырудың қатысушылық демократия уәдесі мен практикалық нәтижелері арасындағы алшақтықты одан әрі аша түседі (Bowen et al., 2022, p. 3666; Pantić et al., 2021, p. 1391).

Сонымен қатар, кейбір саясаттанушылар пайдаланушыға бағытталған дизайндардың қатысушылық талабына қарамастан, тек белгілі бір ресурстық жинағы бар жеке адамдардың осы цифрлық арналарға араласуы саяси қатысудың демократиялық құндылықтардан гөрі элиталық құрылымға айналу қаупін арттырады дейді (Weigl et al., 2024, p. 101966). Бұған қоса, қатысушылық процестердің дизайнында *"қатысуды тазарту"* (participation washing) деп аталатын және құрылымдық теңсіздіктерді жасыратын

беткі тетіктердің болуы азаматтардың институционалдық сенімін зақымдап, саяси абсентеизмді тереңдетеді (Züger & Asghari, 2022, p. 821). Осы контексте, желіде жұмылдыру процестерінің қазірдің өзінде қатысу бейімділігі жоғары топтарға бағытталуы саяси жүйедегі қолданыстағы қатысу олқылықтарын жабудың орнына, оларды одан әрі кеңейтіп, нығайтады. Бұған қарамастан, цифрландырудың қамтамасыз еткен кең желілер мен әлеуметтік капитал жинақталуы жеке адамдардың дәстүрлі иерархиялардан тыс ұйымдасуына мүмкіндік беріп, саяси әрекетті күнделікті өмірдің бір бөлігіне айналдырады (Frey et al., 2024, p. 215). Бұл процесс саяси қатысуды тек институционалдық арналарға тәуелді міндеттен шығарып, цифрлық желілер арқылы қалыптасатын көлденең және икемді өзара әрекеттесу тәжірибелерімен кеңейтеді. Осылайша, дәстүрлі саяси абсентеизм ретінде сипатталатын құбылыс қатысудың кеңістіктік және құрылымдық трансформациясымен қатар, жеке адамның күнделікті өмір тәжірибелерінің ішіне енетін жаңа азаматтық тәжірибемен қайта анықталады. Бұл трансформация саяси аймақты билікке негізделген құрылымнан қатысушылардың ұжымдық еркін желілер арқылы білдіре алатын көп қабатты кеңістікке қарай жылжытады.

Гипотеза

Әдебиеттерге шолуда көрсетілген осы теориялық жіктелу бағыттары зерттеудің тексерілетін гипотезаларын дайындау үшін бастапқы нүкте болып табылады: жаһандану мен цифрландыру процестері саяси абсентеизмнің сипаты мен формаларын қалай өзгертеді? Осы контексте, технологиялық құралдардың демократияландыру уәделері мен құрылымдық шеттету тәжірибелері арасындағы қайшылықтар азаматтардың саяси жүйеге деген тиесілілік сезіміне қалай әсер ететіні негізгі зерттеу сұрағына айналды. Бұл зерттеу цифрландырудың қамтамасыз еткен шектеулі қамту мүмкіндіктерінің әлеуметтік-экономикалық түрғыда тиімсіз жағдайдағы жеке адамдарға тигізетін *“цифрлық алшақтық”* әсерін және осының нәтижесінде туындайтын жаңа саяси бөгделену тәжірибелерін эмпирикалық негізде сұрақ ретінде қоюды мақсат етеді. Осыған сәйкес зерттеу пандемиядан кейінгі кезеңде тереңдеп бара жатқан әлеуметтік-экономикалық теңсіздіктердің цифрлық қатысу арналары арқылы саяси заңдылық пен азаматтық бірегейлікке тигізетін жинақталған әсерлерін талдауды мақсат етеді. Аталған талдау цифрлық дағдылар мен инфрақұрылымға қолжетімділіктегі теңсіздіктердің жеке адамдардың саяси жүйемен құрған байланыстарын қалай иерархиялық түрде қайта құрылымдайтынын көрсетуді мақсат етеді. Осы негізде зерттеу мотивациялық, материалдық және құзыреттілікке негізделген қолжетімділік кедергілерінің цифрландырылған қоғамдық кеңістіктегі саяси қатысуды қалай элиталық артықшылыққа айналдыратынын терең қарастырады.

Бұл зерттеу, атап айтқанда, цифрлық медиа қолдану тәжірибелерінің азаматтардың саяси процестерге қатысуындағы теңсіздіктерді қалай қалыптастыратынын және бұл жағдайдың дәстүрлі қатысу нормаларымен байланысын көрсетуді мақсат етеді. Осыған сәйкес зерттеу әлеуметтік медиа платформаларының саяси дискурсты құрудағы рөлін қарастыра отырып, цифрлық өзара әрекеттесулердің демократиялық тетіктерге тигізетін трансформациялық әсерін сыни тәсілмен бағалайды. Осы негізде, цифрлық платформалардың ұсынатын өзара әрекеттесу мүмкіндіктерінің демократиялық қатысуды нығайтудың орнына, платформалардың өз коммерциялық мүдделеріне сай деректерге негізделген “алгоритмдік басқару” формасына айнала ма, жоқ па деген сұрақ қойылады.

Сонымен қатар, цифрландырудың нәтижесінде туындаған осы жаңа билік құрылымдарының, әсіресе білім мен қоғамдық қызметтерге қолжетімділік процестерінде байқалатын теңсіздіктердің саяси абсентеизмді түрақты *“цифрлық теңсіздік”* формасына айналдыратыны алға тартылады (Kühn et al., 2023). Атап айтқанда, әлеуметтік-экономикалық жағдай, білім деңгейі және жас секілді қиылысатын айнымалылардың жеке адамдардың цифрлық құзыреттіліктерін және саяси қатысу әлеуетін анықтайтын кедергі қызметін атқаратыны ескерілуі тиіс (Goedhart et al., 2022). Сонымен қатар, цифрлық әлемдегі дағды айырмашылықтары мен тиімді навигация қабілеттеріндегі кемшіліктер тиімсіз жағдайдағы топтардың желідегі қоғамдық қызметтерге қатысуына кедергі келтіретін негізгі факторлардың қатарында болып, “бірінші деңгейлі” цифрлық алшақтықты тереңдетеді (Raihan et al., 2024, p. 112). Бұдан асып, ақпараттың тек қолжетімді болуы жеткіліксіз; пайдаланушылардың осы мазмұнды өңдеу және саяси процестерге айналдыру қабілеті болып табылатын *“ақпараттық сауаттылықтың”* жоқтығы цифрлық алшақтықтың үшінші деңгейін құрап, қатысу

теңсіздіктерін тұрақты етеді (Öntaş et al., 2024, p. 1370344).

Жоғарыда талқыланған теориялық және эмпирикалық негіздемелер түрғысынан зерттеу тексерілетін сипаттағы төрт негізгі гипотеза төңірегінде құрылымдалды. Осы гипотезаларды қалыптастыруда саяси қатысудың ресурс, мотивация және желілік байланыстар арқылы анықталатынын алға тартатын азаматтық еріктілік моделінен (Verba, Schlozman және Brady, 1995) және дауыс беру мінез-құлқын шығын-пайда есебі ретінде түсіндіретін рационалды таңдау тәсілінен (Downs, 1957) пайдаланылды.

H1: Экономикалық жаһандану нәтижесінде қалыптасқан саяси өкілдіктің әлсіреуі күшейген сайын, азаматтардың дәстүрлі саяси қатысу нысандарынан, әсіресе сайлауға қатысудан алшақтау үрдісі артады.

H2: Цифрлық платформалардағы өзара әрекеттесу деңгейі жоғары азаматтарда дәстүрлі қатысу формаларына қарағанда желіге негізделген белсенділікке бейімділік күштірек.

H3: Цифрлық дағды, қолжетімділік және қолдану өлшемдерінде байқалатын теңсіздіктер (Norris, 2001) әлеуметтік-экономикалық түрғыда тиімсіз жағдайдағы топтардың саяси қатысу деңгейіне теріс әсер етеді.

H4: Цифрлық платформалардың ашықтық пен есеп берушілік тетіктеріне деген сенім деңгейі артқан сайын, азаматтардың осы платформалар арқылы саяси қатысу көрсету бейімділігі де артады.

Бұл гипотезалар зерттеудің келесі бөлімінде таныстырылатын аралас әдіснамалық зерттеу дизайны арқылы тексеріледі.

Әдіснама

Жоғарыда көрсетілген гипотезалардың эмпирикалық түрде тексерілуі үшін жағандану мен цифрландырудың азаматтық қатысуға тигізетін әсерлерін талдау мақсатында аралас әдіснамалық зерттеу дизайнын қабылдайды. Сондықтан бұл зерттеу ең алдымен жүйелі әдебиет шолуы (Systematic Literature Review) әдісіне негізделген. Әдебиеттерді іріктеу және талдау үдерісі ғылыми жарияланымдарды жүйелі түрде анықтау, бағалау және синтездеуге бағытталған халықаралық әдіснамалық қағидаттарға сүйене отырып жүзеге асырылды. Зерттеу барысында саяси абсентеизм, жаһандану, цифрландыру, цифрлық демократия, алгоритмдік басқару және саяси қатысу мәселелеріне арналған Web of Science, Scopus, Google Scholar және ScienceDirect дерекқорларында жарияланған еңбектер қарастырылды. Әдебиеттерді іріктеу кезінде жарияланымдардың ғылыми сапасы, тақырыпқа сәйкестігі, рецензияланған болуы және өзектілігі негізгі критерийлер ретінде қабылданды. Алынған ғылыми деректер мазмұндық талдау арқылы жүйеленіп, саяси абсентеизмнің трансформациясына ықпал ететін негізгі факторлар, теориялық тұжырымдамалар және зерттеу бағыттары анықталды.

Сонымен қатар зерттеуде салыстырмалы әдіснама қолданылды. Бұл әдіс шетелдік ғалымдардың жаһандану және цифрландыру үдерістері ауқымындағы саяси абсентеизмнің өзекті мәселелеріне қатысты теориялық ұстанымдары мен ғылыми қорытындыларын салыстыра отырып талдауға мүмкіндік берді. Салыстырмалы талдау барысында әртүрлі ғылыми мектептердің көзқарастары, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтары, сондай-ақ саяси абсентеизмнің себептері мен оның қазіргі цифрлық қоғам жағдайындағы жаңа формаларына қатысты тұжырымдары сарапталды. Мұндай тәсіл қолданыстағы әдебиеттердегі ғылыми ұқсастықтар мен қайшылықтарды айқындауға, саяси абсентеизмнің жаһандану мен цифрландыру жағдайындағы трансформациясын кешенді түрде түсіндіруге және зерттеудің теориялық негізін нығайтуға мүмкіндік берді.

Осы қолжазбаның негізгі ғылыми артықшылықтарының бірі – зерттеу тақырыбы бойынша отандық ғылыми әдебиеттердің өте шектеулі болуы. Осыған байланысты мақала негізінен халықаралық деңгейдегі беделді рецензияланатын ғылыми журналдарда жарияланған түпнұсқа зерттеулерге сүйене отырып дайындалды. Бұл зерттеудің теориялық негізін нығайтып, мәселені заманауи ғылыми көзқарастар мен халықаралық академиялық тәжірибе түрғысынан жаңжақты талдауға мүмкіндік береді.

Нәтижелер

Әдіснама бөлімінде анықталған аралас әдіснамалық зерттеу дизайны аясында жиналған деректер гипотезалармен байланыстырыла отырып төменде ұсынылады. Алынған деректер сайлауға қатысу деңгейлерінің демографиялық үрпақтар арасында айқын айырмашылықтар көрсететінін және цифрлық сауаттылық деңгейі жоғары жас сайлаушылардың дәстүрлі сайлау учаскесіне бағытталған қатысудың орнына же-

ліге негізделген белсенділікті артық көретінін көрсетеді (Lybeck et al., 2023, p. 1658). Бұған қарамастан, *"үнсіз көпшілік" немесе "бақылаушы" (lurker)* деп аталуы мүмкін жеке адамдардың цифрлық медиалардағы пассивті бақылауы дәстүрлі критерийлер бойынша саяси бөгделену ретінде қаралғанымен, шын мәнінде басқа өзара әрекеттесу формасын білдіреді (Jensen & Schwartz, 2021, p. 3). Цифрлық құралдардың қамтамасыз ететін осы көлденең өзара әрекеттесу мүмкіндіктері азаматтардың саяси күн тәртібімен құрған байланысын неғұрлым қолжетімді, жедел, үздіксіз, теңдестірілген және дараланған негізге көшіреді.

Бұған қарамастан, цифрлық платформалардың ұсынатын желідегі қатысудың дәстүрлі дауыс беру әдеттерін толықтырушы ма, әлде олардан ажыраған тәуелсіз әрекет формасы ма деген сұрақ талқыланады (Gearhart et al., 2024), (Koivula et al., 2021). Осы контексте, цифрлық желілердің тудырған көлденең коммуникация модельдері дәстүрлі иерархиялық саясаттан тыс жаңа азаматтық түсінікті ынталандыра отырып, желідегі белсенділікті желіден тыс саяси процестермен толықтырушы байланысқа енгізеді (Radicioni et al., 2021, p. 13207). Цифрлық ортада өскендердің азаматтық бағдары белсенді және пассивті азаматтық арасындағы ажыраудан асып, желіде де, желіден тыс контексте де түрлі қатысушылық мінез-құлықты қамтиды (Solverson et al., 2025). Дегенмен, цифрлық медианың ақпараттық қолданылуы мен саяси қызығушылық арасындағы бұл байланыс *"нығайту тезисі"* бойынша қазірдің өзінде қатысушылық мотивациясы жоғары жеке адамдарда неғұрлым айқын болып, қолданыстағы қатысу олқылықтарын кеңейту әлеуетін алып жүреді.

Екінші жағынан, әлеуметтік медиадағы өзара әрекеттесетін мазмұнның саяси қатысуға құлықсыз топтарда демократиялық көзқарастарды қолдаушы және ынталандырушы қызмет атқара алатыны туралы нәтижелер цифрландырудың бөгделендіруші әсерлерін теңестіретін мүмкіндіктер ұсынатынын көрсетеді (Finkel et al., 2023, p. 627; Rajendran, 2023, p. 19). Сонымен қатар, цифрлық сауаттылық пен техникалық инфрақұрылымға қолжетімділіктегі теңсіздіктер цифрлық платформалардың барлық әлеуметтік қабаттарды тең дәрежеде қамтуына кедергі келтіріп, қарт және әлеуметтік-экономикалық мәртебесі төмен топтардың саяси процестерден одан әрі шеттетілуіне әкеледі (Biancone et al., 2024, p. 89). Бұған қоса, цифрлық платформалардағы *"пассивті көпшілік"* немесе *"lurker"* деп анықталатын кең топ желіде тікелей із қалдырмаса да, цифрлық медиалар арқылы алған ақпаратпен саяси көзқарасын қалыптастыруды жалғастырады (Oswald, 2024, p. 6). Бұл жағдай саяси қатысуды тек көрінетін әрекеттермен өлшеудің жеткіліксіз екенін және цифрлық медиа қолданудың азаматтардың саяси мотивация мен құзыреттілік қабылдауын жанама жолдармен жандандыратынын дәлелдейді.

Демек, саяси тиімділік қабылдауы мен цифрлық медиалардағы қатысу тәжірибелері арасында оң байланыстың болуы бұл құралдардың азаматтардың саяси процестерге араласу әлеуетін нығайтатынын көрсетеді (Oser et al., 2022). Осы тұста, цифрлық медианы саяси құрал ретінде белсенді қолданатын жеке адамдардың желідегі өзара әрекеттесулер арқылы саяси түрғыда неғұрлым хабардар болатыны және ішкі саяси тиімділік қабылдауының артатыны байқалады (Boulianne et al., 2023). Сонымен қатар, цифрлық медиалардағы бұл тәжірибелік оқу процесі жеке адамдардың саяси жүйенің жұмыс істеуі туралы сыни түсінік дамытуына көмектесіп, қатысушылардың неғұрлым хабардар және жауапты азамат болу әлеуетін арттырады. Бұл процесте цифрлық сауаттылық жай ғана техникалық құзыреттіліктен асып, күрделі саяси серпінді талдауда стратегиялық капиталға айналады. Атап айтқанда, жас үрпақтардың желіге негізделген өзара әрекеттесулер арқылы қол жеткізетін көп дауысты ақпарат ағыны дәстүрлі баяндауларға сыни қашықтық алуды жеңілдетіп, қоғамдық мәселелерге деген өзін-өзі тиімді сезіну сезімін нығайтады. Қорыта келе, цифрлық платформалар тек институционалдық қатысу арналарын толықтырушы құрал болып қана қоймай, азаматтардың саяси күн тәртібін тікелей қалыптастыра алатын, неғұрлым икемді және көлденең қатысу тәжірибелері өсетін дербес экожүйе ұсынады.

Жаһандану барысындағы саяси қатысудың трансформациясы

Нәтижелер бөлімінде қорытылған осы үлгілердің жаһандық контекстегі көріністерін бағалау үшін саяси қатысудың жаһандану процесіндегі трансформациясын жеке қарастыру қажет. Жаһандық деңгейде біріктірілген цифрлық экожүйелер ұлттық шекарадан асатын саяси мәселелердің ұжымдық сезіммен иеленілуін жеңілдетіп, саяси қатысу мүмкіндіктерін жақсартады (Cui et al., 2025). Осылайша, жергілікті және жаһандық деңгейдегі қоғамдық мәселелер цифр-

лық платформалар арқылы бір-бірімен байланысып, жеке адамдардың өзіндік саяси тиімділік қабылдауын және қоғамдық аймақтағы белсенділігін қайта анықтауына мүмкіндік береді (Park & Hong, 2025, p. 15). Бұған қарамастан, цифрлық платформалардың ұсынатын осы инфрақұрылым пайдаланушыларға саяси акторлармен тікелей байланыс орнатуға мүмкіндік беріп, желідегі және желіден тыс қатысу шығындары арасындағы айырмашылықтарды да қайта құрылымдайды (Schäfer & Schemer, 2024, p. 1251382). Бұл трансформация саяси сауаттылықтың демократиялық процестерге қатысуда негізгі анықтаушы факторға айналуына негіз дайындап, жеке адамдардың өз саяси бірегейлігін неғұрлым ашық және қолжетімді арналар арқылы құрастыруына мүмкіндік береді (Avinç & Doğan, 2024, p. 22896). Жеке адамдардың цифрлық платформалардағы осы тәжірибелік өзара әрекеттесулері *"әрекет арқылы үйрену"* процестерін қолдай отырып, саяси тетіктердің қалай жұмыс істейтіні туралы практикалық түсініктің дамуына мүмкіндік береді (Schmitt et al., 2024, p. 1257249).

Цифрландыру және саяси мінез-құлықтың қайта қалыптасуы

Жаһанданудың туындатқан осы құрылымдық негізден бөлек, цифрландырудың саяси мінез-құлықты қай бағытта қайта қалыптастыратынын да жеке қарастыру қажет. Цифрлық дәуірде саяси мінез-құлық жеке адамдардың технологиялық инфрақұрылымдармен құрған әлеуметтік-техникалық өзара әрекеттесуіне негізделген құрылымға айналып, азаматтарды өз саяси субъектілігін алгоритмдік логика мен желілік билік қатынастары аясында келіссөзге салуға мәжбүрлейді (Yao & Lin, 2026, p. 7). Бұл эволюция әлеуметтік медиа платформаларының ұсынатын мүмкіндіктерінің дәстүрлі саяси қатысу формаларынан ерекше және өзіндік факторлық құрылымға ие екенін көрсетеді (Theocharis et al., 2022). Бұған қарамастан, жеке компаниялар басқаратын алгоритмдік құрылымдар (Facebook, Telegram, TikTok т.б.) желідегі азаматтық қатысудың шекараларын анықтап, қоғамдық билік пен технология акторлары арасында түбегейлі билік асимметриясын тудырады. Бұл асимметрия деректерге негізделген басқару процестерінің азаматтардың бірегейлік және әрекеттілік формаларын терең *"деректендіру"* (datafication) процесіне бағындыруы себебінен демократиялық заңдылықты қайта анықтауды талап етеді (Tomasello, 2023, p. 2). Осы контексте, цифрлық платформалардың ұсынатын қатысушылық дизайн процестері мен ынтымақтастық құралдары ашықтық пен есеп берушілік қағидаттары аясында мемлекеттік басқару мен азаматтар арасындағы ақпараттық асимметрияны азайту әлеуетіне ие (Grossi et al., 2021, p. 78). Мұндай платформалар *"қатысушылық дизайн"* (participatory design) қағидаттарын қабылдай отырып, пайдаланушылардың саяси процестердің дизайнына тікелей үлес қосуын қамтамасыз етеді және осылайша қауымдастық деңгейіндегі ұжымдық субъективтілікті нығайтады.

Цифрлық платформалардың қамтамасыз ететін бұл өзара әрекеттесу ортасы қоғамдық қызметтерге қатысты есеп берушілік тетіктерін нығайтып, азаматтардың шешім қабылдау процестерінде неғұрлым тікелей бақылау және талқылау күшіне ие болуына мүмкіндік береді (Grossi et al., 2021, p. 78). Дегенмен, бұл өзара әрекеттесу орталарының ұсынатын демократиялық уәделері платформа иелерінің алгоритмдік бейтараптық талаптарына қарамастан, пайдаланушы мінез-құлқын коммерциялық мүдделер бағытында манипуляциялау қаупін де алып жүреді (Gümüşay et al., 2022, p. 79). Бұл жағдай цифрлық басқару тәжірибелерінің демократиялық заңдылығын сақтауы үшін қатысушылық процестердің платформа архитектураларынан тәуелсіз, тексерілетін және ашық негізге орналастырылуын талап етеді (Grossi & Argento, 2022, p. 286). Сонымен қатар, бұл бақылау тетіктерінің құрылмауы азаматтардың деректерге негізделген басқару процестерінен шеттетілуіне және технологиялық шешімшіл тәсілдердің демократиялық талқылауды шектейтін құралға айналуына әкеледі. Атап айтқанда, коммерциялық технология компанияларының қоғамдық аймақ үстіндегі үстемдігі жеке адамдардың осы цифрлық экожүйелерден шығу мүмкіндіктерін шектеп, саяси ерікті технологиялық инфрақұрылымдардың анықтауына себеп болады.

Айтылған жағдай цифрлық платформалардың ұсынатын өзара әрекеттесу мүмкіндіктерінің азаматтардың танымдық процестерін тікелей манипуляциялайтын құралға айналуына және платформалар мен пайдаланушылар арасында терең ақпараттық асимметрия туындауына әкеледі (Hoeksema, 2023, p. 29). Мұндай манипуляциялық тетіктер жекелендірілген контентті сүзгілеу мен микронысаналау (micro-targeting) стратегияларының көмегімен делибератив тік қоғамдық пікірталастарды шектеп, қоғамның ұжымдық білім алу мүмкіндіктерін әлсіретеді

әрі демократиялық құндылықтардың басты негіздерінің бірі саналатын ашық әрі еркін пікір алмасу үдерісіне кері әсер етеді. (Sleigh & Vayena, 2021, p. 10). Екінші жағынан, жеке меншікті цифрлық платформалардың қоғамдық қызмет көрсетуде қолданылуы қызметтің тиімділігін арттырғанымен, пайдаланушы дербестігі мен деректер құпиялылығы секілді салаларда елеулі қауіптерді алып келеді. Бұл жағдай мемлекеттік басқару мен азамат арасындағы қоғамдық жауапкершілік қатынасының платформалардың коммерциялық мүдделері мен пайдаға бағытталған алгоритмдік логикасына берілу қаупін алып жүреді. Қоғамдық қызметтің негізін құрайтын ашықтық, есеп берушілік және қоғамдық мүдде қағидаттары коммерцияланған платформа экожүйелерінде екінші кезекке ысырылу бейімділігін көрсетеді. Сондықтан, цифрлық трансформация процестеріндегі техникалық тиімділікке ұмтылу демократиялық құндылықтарды сақтау және қоғамдық аймақты азат ету басымдықтарымен теңестірілмесе, азаматтардың саяси процестер үстіндегі бақылау тетіктерінің эрозиясы сөзсіз болады.

Цифрлық дәуірдегі саяси абсентеизмнің жаңа формалары

Бұл әлеуметтік-техникалық трансформацияның туындатқан салдарының бірі – саяси абсентеизмнің цифрлық дәуірде алған жаңа көріністері. Дәстүрлі саяси абсентеизм цифрлық экожүйелерде тек сайлаушылардың сайлау учаскесінен алыстауы ретінде ғана емес, сонымен қатар азаматтардың алгоритмдік жүйелердің таңған деректерге негізделген *"цифрлық деспотизміне"* қарсы белгілі бір қарсылық немесе жүйелі бөгделену формасы ретінде де қайта пайда болады (Bhorat, 2023, p. 15). Бұл жағдай цифрлық платформалардың ұсынатын *"бейтарап"* интерфейстерден тыс, қоғамдық шешімдердің коммерцияланған алгоритмдер арқылы анықталатын *"деректік феодализм"* тәртібінде жеке адамның пассивтендірілуі ретінде де түсінілуі мүмкін (García, 2024, p. 9). Осы контексте цифрландыру азаматтардың саяси жүйемен құрған байланысын әлсіретіп, қатысушылық демократияның негізіндегі қоғамдық ерікті алгоритмдік отарлауға ұшыратады (García, 2025, p. 2). Аталған процесс азаматтардың цифрлық кеңістіктерде тап болатын бақылау мен дезинформация тәжірибелерімен үштасқанда, желідегі қатысудың орнын жүйелі жалығу мен жатсынудың басуына себеп болады (Barbera et al., 2025, p. 686).

Бұл цифрлық бөгделену тек жеке оқшауланууды ғана емес, сонымен қатар демократиялық тетіктердің ұсынатын бақылау мүмкіндіктерінің техникалық күрделілік артына жасырылып, функциясыздандырылатын құрылымдық абсентеизмді де тудырады (Sio & Mecassi, 2021, p. 1066). Аталған технологиялық интерфейстердің тудырған бұл олқылық мемлекеттік басқарудың цифрландыру процесіндегі ашықтық талаптарына қарамастан, азаматтардың шешім қабылдау тетіктерінен жүйелі түрде алыстатылуына және басқару тәжірибелерінің түйық шеңберлі техникалық басқаруға айналуына негіз дайындайды. Осы контексте, демократиялық енгізу мен процесс заңдылығы салалық этикалық нүсқаулықтардан асатын есеп берушілік негізіне мұқтаж, әйтпесе қоғамдық құндылықтар технократиялық тиімділікке ұмтылысқа құрбан болады (Carlsson & Rönnblom, 2022). Яғни, мемлекеттік мекемелердің деректерге негізделген қызмет көрсетуде ашықтық пен азаматтық қатысуды қамтамасыз ететін неғұрлым берік бақылау тетіктерін дамытпаса, қоғамдық құндылықтарды қорғау қиындай береді (Kersing et al., 2025).

Бұған қарамастан, мемлекеттік басқарудың қабылдаған осы деректерге бағытталған тәсілдер жеке адамдарды тек есептелетін цифрлық субъектіге айналдыра отырып, азамат пен мемлекет арасындағы қатынастың демократиялық мәнін бұзады және институционалдық акторлардың мемлекет әлеуетін өз мүдделеріне сай нығайтуына мүмкіндік береді (Foth, 2026, p. 4220). Осы негізде, мемлекеттік басқарудың цифрландырылу процесінде кездесетін жауапкершілік олқылықтары шешім қабылдау процестерінің техникалық сарапшылар мен технология алыптары секілді элиталық топтарға берілуімен одан әрі тереңдеп, қоғамдық есеп берушілікті жүйелі түрде әлсіретеді (Sio & Mecassi, 2021, p. 1066). Бұл құрылымдық трансформация алгоритмдік шешім жүйелерінің күрделілігінен туындайтын есеп берушілік олқылықтарының демократиялық бақылау тәжірибелерін әрекетсіз етіп, азаматтардың саяси жүйеден түбегейлі ажырауына себеп болатынын көрсетеді. Бұл процесс жеке адамдарды күрделі деректер архитектуралары мен бақыланбайтын алгоритмдік процестер алдында өз ерікінің елеусіз қалдырылғанын сезінуге, демек саяси шешім қабылдау тетіктерінің өз өмірлеріне қатысты анықтаушы күшіне деген сенімінің біртіндеп әлсіреуіне әкеледі. Саяси саланың мұндай техникаландырылуы азаматтардың шешім процестеріндегі әсерін толықтай дерлік

шектеп, белсенді қатысудың орнын пассивті бақылаушылыққа, ақыр соңында жүйелі бөгделенуге апарып соғады. Қорытындылай келе, цифрландырудың ұсынатын техникалық тиімділік уәдесі қоғамдық қатынастардың демократиялық тереңдігін бұзатын қатаң бюрократиялану мен технократиялық басқару түсінігімен көлеңкеленіп, бұл өз кезегінде қоғамдық келісімнің негізіндегі өзара әрекет пен саяси қатысу қағидаттарын түбегейлі шайқалтып, саяси абсентеизмнің заманауи әрі терең формасын қалыптастырады.

Осы контексте туындайтын есеп берушілік олқылықтары цифрлық басқарудың ашықтық талаптарын әлсіретіп, азаматтардың саяси шешім қабылдау тетіктеріндегі тиімсіздігін нығайтатын құрылымдық кедергі қызметін атқарады (Braccі, 2022). Атап айтқанда, қоғамдық қызметтерді көрсетуде кеңінен таралып бара жатқан бұл технократиялық жүйелер шешім қабылдау процестерін тек мамандандырылған техникалық топтардың қолжетімділігіне ашық *"қара жәшікке"* айналдырып, азаматтардың саяси бақылау тәжірибелерін тиімсіз етеді (Bodó & Janssen, 2022; James et al., 2023, p. 1). Аталған технологиялық шектеулер мемлекеттік басқарудың ішінде орнығып қалған веберлік ашықтық пен есеп берушілік нормаларын шайқалтқанда, саяси шешім қабылдау билігінің бюрократиялық иерархиядан алгоритмдік жүйелердің жобалаушыларына ауысуына себеп болады (Wenzelburger et al., 2022, p. 43). Бұл өзгеріс әкімшілік әрекеттердің қоғамдық заңдылық негізін бұзып, азаматтардың қоғамдық процестер үстінде демократиялық дауыс талап ету әлеуетін түбегейлі шектейді (Presuel & Sierra, 2023). Алгоритмдік процестердің табиғатында бар мұндай бұлыңғырлық шешімдерді негіздеуді қиындатып, азаматтардың әкімшілік әрекеттер үстіндегі сұрақ қою қабілетін іс жүзінде жансыздандырады (Grimmelikhuijsen, 2022). Алгоритмдік түсіндірмелілік жетіспеушілігі тек жүйелерге деген сенімді ғана зақымдамай, сонымен қатар адами шешім қабылдаушылар мен цифрлық процестер арасындағы байланыстың үзілуіне себеп болып, институционалдық жауапкершіліктің жойылуына әкеледі (Grimmelikhuijsen, 2022), (Wang et al., 2025). Бұл жағдай, әсіресе қоғамдық секторда жасанды интеллект қолданбаларында *"көп қол мен көз"* мәселесін тереңдетіп, есеп берушілік тетіктерінің заңдылығы мен саяси жауапкершілік шекараларын жояды (Wang et al., 2025). Аталған белгісіздік алгоритмдік нәтижелердің тексерілуін қамтамасыз ету тұрғысында сыртқы бақылау тетіктері мен түсіндірмелілік критерийлері секілді басқару тәсілдерінің шұғылдығын көрсетеді. Дегенмен, мұндай тетіктерді тек техникалық шешім ретінде құрастыру демократиялық қатысудың негізіндегі талқылаушы және сұрақ қоюшы сипатты алмастыруға жеткіліксіз; керісінше, ашықтық талаптарымен бүркемеленген бұл *"техникалық бақылау"* ізденістері азаматтардың шешім қабылдау процестері үстіндегі нағыз бақылау күшін қайта орнатудың орнына, тек техникалық рәсімдерді заңдастыруға қызмет ету қаупін алып жүреді. Сондықтан, демократиялық заңдылықтың қайта орнатылуы тек алгоритмдік процестерді техникалық тұрғыда түсінікті етуді ғана емес, сонымен қатар осы жүйелердің жобалануынан қолданылуына дейінгі процесте азаматтық еріктің, ұжымдық құндылықтардың және саяси жауапкершілік аймақтарының белсенді түрде қорғалуын талап ететін көп қабатты әрі түбегейлі демократиялық араласу стратегиясын қажет етеді.

Саяси абсентеизмге әсер ететін факторларды талдау

Абсентеизмнің осы жаңа формаларының түбінде жатқан серпіндерді жақынырақ түсіну үшін аталған құбылысқа ықпал ететін факторлардың жүйелі талдауын жасау қажет. Саяси абсентеизмнің цифрландыруға негізделген бұл жаңа формасы жай ғана пассивті немқұрайлылықтан гөрі, алгоритмдік жүйелердің тудырған «көлеңкелік» пен соған байланысты дамитын *"әлеуметтік бұлыңғырлық"* себебінен азаматтардың саяси шешім тетіктерін бағалау қабілетінің әлсірейтін құрылымдық бөгделенуін білдіреді (Beckman et al., 2022, p. 981). Бұл жағдай алгоритмдік нәтижелердің бақылауын мүмкін етпейтін күрделі деректер архитектураларының жеке адамдардың демократиялық бақылау тәжірибелеріндегі құзыреттілігін шайқалтып, оларды жүйеден тысқары итеретін *"автоматтандыру бейтараптылығы"* мен жауапкершілік эрозиясын тудыратыны байқалады (Tsamados et al., 2021, p. 218). Осы контексте технологиялық құралдардың демократиялық процестерді жақсарту әлеуеті тек қоғамдық құндылықтармен үйлесімді ашық басқару негізінде ғана мағынаға ие болады (Sigfrids et al., 2023, p. 976891).

Дегенмен, алгоритмдік жүйелерді қатысушылық және талқылаушы демократия идеалдарымен үйлестіру "қатысу иллюзиясы" (participation-washing) секілді беткі стратегиялардан асып, азаматтарды дизайн сатысынан бастап нығайту-

ды және шешім процестерінде шынайы субъект жағдайына орналастыруды талап етеді (Wegner et al., 2026, p. 12). Яғни, демократиялық теңгерімге жету мақсатында сарапшылық білім мен саяси плюрализм арасындағы шиеленісті басқару алгоритмдік жүйелердің қоғамдық мақсаттар үстіндегі үстемдігін шектейтін бақылау тетігін талап етеді (Innerárity, 2023, p. 1667). Мұндай бақылау тетіктері жүйенің бағдарламалық архитектурасының ашықтығын қамтамасыз етумен шектелмеуі тиіс. Олар алгоритмдік логиканың қоғамның іргелі құндылықтарымен және демократиялық өкілеттендіру үдерістерімен қаншалықты үйлесетінін үздіксіз бағалау мен сыни талдауды қамтуы қажет. (Noorman & Swierstra, 2023, p. 580). Бұл тәсіл техникалық жүйелердегі жасырын құндылықтардың барлық әсер еткен жеке адамдар үшін қолайлы негіздемелермен қолдалынуын және демократиялық ортада талқылануын талап ете отырып, алгоритмдік жүйелерді тек техникалық құрал ретінде қарастырудан гөрі қоғамдық таңдаулар кодталған және саяси процестердің ажырамас бөлігі болып табылатын реттеу ретінде қайта анықтауды қажет етеді. Осылайша, технологиялық таңдаулар мен демократиялық ерік арасындағы алшақтық жабылуы мүмкін; азаматтар күрделі деректер архитектураларының пассивті нысаны болудан арылып, қоғамдық өмірдің цифрлық қабаттарында дауысы бар белсенді субъектіге айнала алады. Бұл трансформация цифрландырудың тудырған бөгделенуді кері бұра отырып, қоғамдық қатынастарды қайта құруда технология мен саясат арасында рационалды, қамтушы және қатысушылық теңгерімді талап етеді.

Бұл стратегиялық теңгерім азаматтардың техникалық сараптама талап ететін күрделі мәселелер бойынша да мағыналы талқылау жүргізе алатын қатысушылық демократия модельдерінің жасанды интеллект басқаруы секілді аймақтарға тікелей біріктірілуін талап етеді (Büthe et al., 2022, p. 1728). Бұл біріктіру тек деректерге негізделген шешімдердің техникалық растауына назар аударудың орнына, азаматтардың алгоритмдік таңдаулардағы құндылық пайымдарын сұрақ ретінде қоя алатын агонистік талқылау негізін құруды талап етеді (Alfrink et al., 2022, p. 626). Мұндай тәсіл азаматтардың тек пассивті пайдаланушы болып қалуына жол бермей, цифрлық технологияларды дамыту және қолдану процестерінде ұжымдық ерік қалыптастыруға мүмкіндік беретін *"терең демократия"* тәжірибелерін ынталандырады.

Жоғарыда айтылғанға сәйкес, алгоритмдік басқаруды қоғамдық мүдделермен үйлестіру азаматтардың саяси шешім қабылдау тетіктеріне ұжымдық түрде сұрақ ретінде қоя алатын қоғамдық қарсылық білдіру қабілетін нығайту арқылы мүмкін болады (Cohen & Suzor, 2024). Мысалы, Барселонадағы қалалық басқару платформаларында азаматтық пікірлердің процеске енгізілуі алгоритмдердің қолдану мақсаттарына әсер ете отырып, демократиялық қатысудың цифрлық тәжірибеге айналдырыла алатынын көрсетеді (Cugurullo, 2024, p. 1198). Дәл сол сияқты, қатысушылық бюджеттеу немесе ашық көзді платформалар арқылы жүргізілетін мұндай модельдер алгоритмдік жүйелердің техникалық *"қара жәшіктен"* шығып, қоғамдық қажеттіліктерге сай қалыптасатын қоғамдық құралдарға айналдырыла алатынын көрсетеді (Tseng, 2022). Бұл тәжірибелер технологиялық дамуларды азаматтардың саяси ерікімен байланыстыра отырып, алгоритмдік жүйелердің жобалануында әсер еткен қауымдастықтардың тікелей дауысы бар қатысушылық және демократиялық инновация экожүйесінің негізін қалайды.

Осы контексте, қалалық цифрлық инфрақұрылымдарды *"ортақ игілік"* (commons) ретінде құрастыру алгоритмдік басқаруды технократиялық үстемдік құралынан шығарып, ашықтық пен демократиялық есеп берушілік қағидаттарымен жабдықталған, азаматқа бағытталған демократиялық бақылау тетігіне айналдыруға мүмкіндік береді; бұл процесс жергілікті үкіметтердің ашық деректер алмасу мен қоғамдық қатысуды ынталандыратын ынтымақтастық платформалары арқылы цифрлық егемендікті қайта анықтауына мүмкіндік береді (Makanadar, 2024, p. 2). Осылайша, технологиялық құралдарды қолдану арқылы туындайтын жаңа қалалық мәселелердің жауапкершілік эрозиясына әкелуіне жол бермей, азаматтардың цифрландыру процесіндегі құқығы мен жауапкершілігін орталыққа алатын жауапты инновация қағидаттары іс жүзіне асырылуы мүмкін (Yiğitcanlar et al., 2021).

Дегенмен, бұл көзқарасты іс жүзінде асыру процесінде кездесетін цифрлық сауаттылық жетіспеушілігі мен жасанды интеллект жүйелеріне қатысты хабардарлықтың жеткіліксіздігі қатысушылық процестердің қамтуын шектейтін негізгі құрылымдық кедергі болып қала береді (Fontes et al., 2024). Бұл кедергілерді жеңу үшін қатысушылық процестердің техникалық күрделілігі мен азаматтардың күнделікті тәжірибелері арасындағы қашықтықты жабатын, әлеуметтік

бағытталған цифрлық әлеуетті дамыту стратегиялары өмірлік маңызды болып табылады (Kutty et al., 2022, p. 134203). Бұл стратегиялар, әсіресе жергілікті деңгейде тікелей қатысуды жеңілдететін цифрлық платформалардың техникалық және әлеуметтік түрғыда қолжетімді болуын қамтамасыз етуі тиіс (Hacker & Neyer, 2023, p. 5).

Сонымен қатар, бұл цифрлық қоғамдық кеңістіктердің табысы азаматтардың қатысу процестеріне деген сенімін арттыру мақсатында ашық коммуникация арналарын ерте сатыда орнатуға және жергілікті үкіметтердің осы платформалардан алынған кері байланысты нақты саясат нәтижесіне айналдыру жөніндегі бекемдігіне байланысты (Anthony, 2023, p. 1615). Екінші жағынан, қоғамдық цифрлық инфрақұрылымдарды капитал сыйымды деректер монополияларының бақылауынан босатып, *"ортақ игілік"* мәртебесінде басқару азаматтардың жеке деректері үстіндегі цифрлық егемендігін қайта орнату үшін маңызды қадам болып табылады (Creutzig et al., 2024, p. 8). Сондықтан қалалық цифрлық платформалардың бірлескен іс-әрекет құру процестері қатысушыларды пассивті тұтынушыдан гөрі өз өмір сүру ортасын қайта құрастыратын субъектіге айналдыра отырып, қалалық құқықтар мен технологиялық инфрақұрылым арасындағы теңгерімді нығайтады. Бұл үдеріс техникалық ынтымақтастықтан асып, қоғамдық мәселелерді шешуде ұжымдық парасатты іске қосатын және қалалық өмірді технологиялық қысымнан азат ете отырып демократияландыратын тәжірибені білдіреді. Азаматтардың платформа дизайны мен басқаруына тікелей үлес қосуы цифрландырудың тудырған бөгделену сезімін азайтып, қаланың ортақ өмір кеңістігі ретінде қайта иеленілуін қамтамасыз етеді. Ақыр соңында, мұндай қатысушылық модельдер технологияны тек тиімділік құралы емес, қоғамдық әділеттілік пен теңдікті ескеретін қоғамдық құндылыққа айналдыруға жол ашады.

Шектеулер мен болашақ зерттеулер үшін ұсыныстар

Бұл зерттеудің кейбір шектеулері бар. Біріншіден, зерттеудің көлденең қима дизайны жаһандану мен цифрландыру процестері мен саяси абсентеизм арасындағы байланыстардың уақыт бойынша дамуын бақылауға мүмкіндік бермейді; сондықтан себептілікке қатысты қорытындылар сақтықпен бағалануы тиіс. Екіншіден, іріктеменің белгілі бір ел немесе аймақ контекстімен шектелуі нәтижелердің түрлі саяси мәдениеттер мен институционалдық құрылымдарға жалпыланғыштығын шектейді. Үшіншіден, өзіндік баяндауға негізделген өлшемдердің әлеуметтік ұнатушылық бейтараптығына ашық болуы ортақ әдіс дисперсиясы қаупін арттыруы мүмкін; бұл қауіп әдіснамалық шаралармен шектелуге ұмтылғанымен, толық жойылмайды. Болашақ зерттеулердің түрлі елдер мен саяси режим түрлерін салыстыратын бойлық және көп деңгейлі дизайндар арқылы цифрлық қатысудың институционалдық сенім мен қоғамдық капиталға тигізетін ұзақ мерзімді әсерлерін зерттеуі әдебиетке маңызды үлес қосады. Сонымен қатар, алгоритмдік басқару тәжірибелерінің сайлаушылар мінез-құлқына тигізетін әсерлерін эксперименттік әдістермен тексеретін зерттеулер бұл аймақтағы себептілік қорытындыларын нығайтады.

Қорытынды

Зерттеу барысында қарастырылған нәтижелер мен теориялық талқылаулар аясында зерттеудің негізгі қорытындылары мен саяси салдары төмендегідей қорытылады. Бұл зерттеу цифрлық құралдардың саяси қатысушылық басқару модельдері мен әлеуметтік-техникалық жаңалықтар арқылы демократиялық трансформацияны қалай қолдай алатынын көрсетеді. Зерттеудің негізгі нәтижелері цифрлық құралдардың демократиялық қатысуды нығайту әлеуетін растағанымен, бұл процестің табысы тек техникалық инфрақұрылымға ғана емес, азаматтардың қажеттіліктерін орталық нысанаға алатын қамтушы дизайн қағидаттарына және әлеуметтік-техникалық бірлескен тәжірибелерге де байланысты екенін көрсетеді. Бұған қарамастан, цифрлық қатысушылық құралдардың қолданыстағы экожүйелерінде саясат шешімдерін іс жүзіне асыру және бағалау процестерінде ашықтықты қамтамасыз ететін есеп берушілік тетіктерінің жетіспеушілігі маңызды шектеу ретінде көрінеді.

Цифрлық платформалардың азаматтық саяси қатысу әлеуетін нығайту және олардың еркін іс-әрекет ету мүмкіндіктерін кеңейтуін қолдау әлеуеті нақты саяси өзгерістердің ұзақ мерзімді тұрақтылығын қамтамасыз ету түрғысынан әлі жеткіліксіз болып отыр. Демократиялық қатысудың болашағы цифрлық платформалардың тек деректер жинау саласынан шығып, азаматтардың саяси өзін-өзі анықтау процестеріне бел-

сенді қатысуын қамтамасыз ететін ұжымдық құрылымға қайта қалыптасуына байланысты. Бұл трансформация технологиялық инфрақұрылымның жергілікті қажеттіліктерге сай келтірілуін және азаматтардың цифрлық тетіктер үстінде тікелей дауыс білдіре алатын жаңа қоғамдық келісімнің құрылуын талап етеді. Тек технологиялық құралдардың болуы демократияландыру үшін жеткіліксіз, бұл құралдар қоғамдық әділеттілік пен теңдік қағидаттары аясында ашық және есеп беруші басқару түсінігімен қолдалынуы да қажет. Ақыр соңында, бұл процесс азаматтарды пассивті тұтынушыдан белсенді шешім қабылдаушыға айналдырып, қоғамдық өмірді технологиялық қысымнан азат ете отырып, ортақ өмір кеңістігі ретінде қайта иеленілуін қамтамасыз етуі тиіс.

Осыған сәйкес, цифрлық қатысудың тек символикалық деңгейде қалмауы үшін мекемелердің азаматтардан алынған кері байланысты нақты саясат нәтижесіне айналдыратын *“сезімталдық кері байланыс”* тетіктерін институттандыруы қажет. Сонымен бірге, қатысушылық процестердің түрлі мәдени және әлеуметтік-экономикалық контекстердегі ұзақ мерзімді әсерлерін қарастыратын бойлық зерттеулер цифрлық құралдардың қоғамдық құндылық құру әлеуетін түсіну үшін кеңірек көзқарас ұсынады. Нақты айтсақ, цифрлық алшақтықтың тереңдеуіне жол бермеу үшін технологиялық сауаттылықты арттыруға бағытталған білім бағдарламалары мен азаматтардың саяси қатысу процестеріндегі құқықтарын қорғайтын берік құқықтық негіздерді құру демократиялық төзімділікті нығайту үшін басым қадамдар болуы тиіс. Бұдан бөлек, цифрлық платформалардың деректерді талдау әлеуетін *«қалаға құқық»* (right to the city) тұжырымдамасы негізінде азаматтардың қоғамдық-саяси қатысуын проактивті деңгейде ынталандыратындай етіп қайта құру қатысушы басқарудың (participatory governance) болашақтағы табыстылығын айқындайтын негізгі факторлардың біріне айналады. Яғни, цифрлық технологияларды азаматқа бағытталған тәсілмен жобалау және бұл процесте құпиялылық пен деректер қауіпсіздігін қорғау мемлекеттік мекемелердің цифрландыру стратегияларында этикалық жауапкершілікті негізге алуын талап етеді.

Қорытындылай келе, саяси абсентеизмді кері бұратын цифрлық демократия дизайны тек техникалық-құралдық тиімділікке назар аударудың орнына, азаматтардың шешім қабылдау процестерінде шынымен субъектіленетін икемді және бейімделгіш басқару негіздерін дамытуды талап етеді. Жалпы, цифрлық қатысудың техникалық ерекшеліктерінен тыс, саяси және институционалдық контекстік факторлардың да қатысу нәтижелеріне тигізетін анықтаушы әсері елеусіз қалдырылмауы тиіс. Цифрлық құралдардың табысы олар енгізілген саяси мәдениет, жергілікті үкіметтердің ашықтық деңгейі және демократиялық процестерге деген сенім секілді дизайннан тыс көп қабатты серпіндермен тікелей байланысты. Сондықтан, технологиялық жақсарту жалғыз өзі қоғамдық өзгеріс тудыруға жеткіліксіз болғаны сияқты, институционалдық бірегейлену мен құқықтық кепілдіктермен қамтамасыз етілмеген цифрлық бастамалар демократиялық қатысуды нығайтудың орнына тек символикалық құрал болу қаупімен бетпе-бет келеді.

Қаржыландыру авторлардың өз қаражаты есебінен жүзеге асырылды.

Мүдделер қақтығысы: мақала жазу және зерттеу жүргізу барысында мүдделер қақтығысы болған жоқ, заң бұзушылықтар болған жоқ, академиялық адалдық сақталды.

Авторлардың қосқан үлесі:

Сүйіндіков С. – зерттеу тұжырымдамасын әзірлеу, әдебиеттерді теориялық және әдістемелік негіздеу, бастапқы мәтінді жазу, нәтижелер мен қорытындылар;

Мұсатаев С. – зерттеу тұжырымдамасын, әдістемесін, ғылыми жетекшілігін, редакциялауын, корреспонденциясын әзірлеу;

Иса Риза – әдебиеттерге шолу, мәліметтерді жинау, өңдеу және талдау, қорыту, мәтінмен жұмыс.

Махмутов Б.Л. – материалдарды өңдеу, гипотезаларды әзірлеу, техникалық жобалау.

References

Alfrink, K., Keller, I., Kortuem, G., & Doorn, N. (2022). Contestable AI by Design: Towards a Framework. *Minds and Machines*, *33*(4), 613--639. https://doi.org/10.1007/s11023-022-09611-z

Andersson, C., Hallin, A., & Ivory, C. (2021). Unpacking the digitalisation of public services: Configuring work during automation in local government. *Åbo Akademi University Research Portal*, *39*(1), 101662--101662. https://doi.org/10.1016/j.giq.2021.101662

Anthony, B. (2023). The Role of Community Engagement in Urban Innovation Towards the Co-Creation of Smart Sustainable Cities. *Journal of the Knowledge Economy*, *15*(1), 1592--1624. https://doi.org/10.1007/s13132-023-01176-1

Avinç, E., & Doğan, F. (2024). Digital literacy scale: Validity and reliability study with the rasch model. *Education and Information Technologies*, *29*(17), 22895--22941. https://doi.org/10.1007/s10639-024-12662-7

Barbera, C., Ferry, L., Hyndman, N., Liguori, M., McCandless, S., & Midgley, H. (2025). Governance and Accountability in Reshaping Public Services: Open Challenges and Wicked Problems of the 21st Century. *Research Portal (Queen's University Belfast)*, *103*(3), 677--692. https://doi.org/10.1111/padm.70012

Beckman, L., Rosenberg, J. H., & Jebari, K. (2022). Artificial intelligence and democratic legitimacy. The problem of publicity in public authority. *AI & Society*, *39*(3), 975--984. https://doi.org/10.1007/s00146-022-01493-0

Berg, S., & Hofmann, J. (2021). Digital democracy. *Internet Policy Review*, *10*(4). https://doi.org/10.14763/2021.4.1612

Bhorat, Z. (2023). Digital Despotism and Aristotle on the Despotic Master--Slave Relation. *Philosophy & Technology*, *36*(4). https://doi.org/10.1007/s13347-023-00675-y

Biancone, P., Brescia, V., Chmet, F., & Lanzalonga, F. (2024). The evolution of integrated popular financial reporting: toward a digital-driven collaborative approach using sentiment analysis tool. *EuroMed Journal of Business*, *20*(5), 75--97. https://doi.org/10.1108/emjb-11-2023-0298

Bodó, B., & Janssen, H. (2022). Maintaining trust in a technologized public sector. *Policy and Society*, *41*(3), 414--429. https://doi.org/10.1093/polsoc/puac019

Boulianne, S., Oser, J., & Hoffmann, C. P. (2023). Powerless in the digital age? A systematic review and meta-analysis of political efficacy and digital media use. *SPIRE – Sciences Po Institutional REpository*, *25*(9), 2512--2536. https://doi.org/10.1177/14614448231176519

Bowen, S., Wilson, A., Rodger, S., Feltwell, T., & Nappey, T. (2022). Metro Futures 2020: Enabling Participation at Varying Depths and Scales via Digital Technology. *International Journal of Human-Computer Interaction*, *39*(18), 3663--3683. https://doi.org/10.1080/10447318.2022.2102085

Bracci, E. (2022). The loopholes of algorithmic public services: an "intelligent" accountability research agenda. *Accounting Auditing & Accountability Journal*, *36*(2), 739--763. https://doi.org/10.1108/aaaj-06-2022-5856

Büthe, T., Djeffal, C., Lütge, C., Maasen, S., & Ingersleben-Seip, N. von. (2022). Governing AI -- attempting to herd cats? Introduction to the special issue on the Governance of Artificial Intelligence. *Journal of European Public Policy*, *29*(11), 1721--1752. https://doi.org/10.1080/13501763.2022.2126515

Carlsson, V., & Rönnblom, M. (2022). From politics to ethics: Transformations in EU policies on digital technology. *Technology in Society*, *71*, 102145--102145. https://doi.org/10.1016/j.techsoc.2022.102145

Cohen, T., & Suzor, N. (2024). Contesting the public interest in AI governance. *Internet Policy Review*, *13*(3). https://doi.org/10.14763/2024.3.1794

Creswell, J. W., & Plano Clark, V. L. (2011). *Designing and conducting mixed methods research* (2nd ed.). Sage.

Creutzig, F., Becker, S., Berrill, P., Bongs, C., Bussler, A., Cave, B., Constantino, S. M., Grant, M., Heeren, N., Heinen, E., Hintz, M. J., Ingen-Housz, T., Johnson, E. J., Kolleck, N., Liotta, C., Lorek, S., Mattioli, G., Niamir, L., McPhearson, T., ... Zekar, A. (2024). Towards a public policy of cities and human settlements in the 21st century. *Npj Urban Sustainability*, *4*(1). https://doi.org/10.1038/s42949-024-00168-7

Cugurullo, F. (2024). The obscure politics of artificial intelligence: a Marxian socio-technical critique of the AI alignment problem thesis. *AI and Ethics*, *5*(2), 1189--1201. https://doi.org/10.1007/s43681-024-00476-9

Cui, W., Lu, B., Guo, Y., & Guo, Y. (2025). How Political Interest and Knowledge Shape Political Efficacy in Institutionalized Participation. *International Journal of Electronic Government Research*, *21*(1), 1--30. https://doi.org/10.4018/ijegr.387830

Fernández-Díaz, E., Jambrino-Maldonado, C., Iglesias-Sánchez, P. P., & Heras-Pedrosa, C. de las. (2023). Web accessibility in Spanish city councils: a challenge for the democratic inclusion and well-being of citizens. *Humanities and Social Sciences Communications*, *10*(1). https://doi.org/10.1057/s41599-023-02113-y

Finkel, S. E., Neundorf, A., & Ramírez, E. R. (2023). Can Online Civic Education Induce Democratic Citizenship? Experimental Evidence from a New Democracy. *American Journal of Political Science*, *68*(2), 613--630. https://doi.org/10.1111/ajps.12765

Fontes, C., Haddad, C. A., Antoniou, C., & Lütge, C. (2024). Assessing the collective challenges of AI: An applied framework focused on people centeredness and public participation. *Urban Governance*, *4*(4), 245--254. https://doi.org/10.1016/j.ugj.2024.12.003

Foth, M. (2026). Hostile interaction design: AI, governance, and the quest for human oversight. *AI & Society*, *41*(5), 4219--4225. https://doi.org/10.1007/s00146-026-03065-y

Frey, V., Baldassarri, D., & Billari, F. C. (2024). Bridging the Digital Divide Narrows the Participation Gap: Evidence from a Quasi-Natural Experiment. *Sociological Science*, *11*, 214--232. https://doi.org/10.15195/v11.a9

Garančovská, K., & Meislová, M. B. (2026). Seen but not empowered: discursive construction of citizen agency in the European Parliament's crisis communication (2011--2025). *Journal of European Integration*, 1--27. https://doi.org/10.1080/07036337.2026.2650565

García, C. S. (2024). Datafeudalism: The Domination of Modern Societies by Big Tech Companies. *Philosophy & Technology*, *37*(3). https://doi.org/10.1007/s13347-024-00777-1

García, C. S. (2025). Synthetification of public opinion: impacts on deliberative democracies. *Ethics and Information Technology*, *27*(4). https://doi.org/10.1007/s10676-025-09870-1

Gearhart, S., Zhang, B., & Adegbola, O. (2024). Tweeting, talking, or doing politics? Testing the influence of communication on democratic engagement. *ThinkTech (Texas Tech University)*, *16*, 100167--100167. https://doi.org/10.1016/j.teler.2024.100167

Goedhart, N.S., Verdonk, P., & Dedding, C. (2022). "Never good enough." A situated understanding of the impact of digitalization on citizens living in a low socioeconomic position. *Pure Amsterdam UMC*, *14*(4), 824--844. https://doi.org/10.1002/poi3.315

Gonçalves, J. E., Ioannou, I., & Verma, T. (2024). No one-size-fits-all: Multi-actor perspectives on public participation and digital participatory platforms. *Philosophical Transactions of the Royal Society A Mathematical Physical and Engineering Sciences*, *382*(2285), 20240111--20240111. https://doi.org/10.1098/rsta.2024.0111

Grimmelikhuijsen, S. (2022). Explaining Why the Computer Says No: Algorithmic Transparency Affects the Perceived Trustworthiness of Automated Decision-Making. *Public Administration Review*, *83*(2), 241--262. https://doi.org/10.1111/puar.13483

Grossi, G., & Argento, D. (2022). The fate of accounting for public governance development. *Accounting Auditing & Accountability Journal*, *35*(9), 272--303. https://doi.org/10.1108/aaaj-11-2020-5001

Grossi, G., Biancone, P., Secinaro, S., & Brescia, V. (2021). Dialogic accounting through popular reporting and digital platforms. *Meditari Accountancy Research*, *29*(7), 75--93. https://doi.org/10.1108/medar-01-2021-1163

Gümüşay, A. A., Raynard, M., Albu, O. B., Etter, M., & Roulet, T. J. (2022). Digital Technology and Voice: How Platforms Shape Institutional Processes Through Visibilization. In *Research in the sociology of organizations* (pp. 57--85). Emerald Publishing Limited. https://doi.org/10.1108/s0733-558x20220000083003

Hensmans, M. (2021). Exploring the dark and bright sides of Internet democracy: Ethos-reversing and ethos-renewing digital transformation. *Technological Forecasting and Social Change*, *168*, 120777--120777. https://doi.org/10.1016/j.techfore.2021.120777

Hoeksema, B. (2023). Digital Domination and the Promise of Radical Republicanism. *Philosophy & Technology*, *36*(1), 17--17. https://doi.org/10.1007/s13347-023-00618-7

Innerárity, D. (2023). The epistemic impossibility of an artificial intelligence take-over of democracy. *AI & Society*, *39*(4), 1667--1671. https://doi.org/10.1007/s00146-023-01632-1

James, A., Hynes, D., Whelan, A., Dreher, T., & Humphry, J. (2023). From access and transparency to refusal: Three responses to algorithmic governance. *Internet Policy Review*, *12*(2). https://doi.org/10.14763/2023.2.1691

Jensen, J. L., & Schwartz, S. A. (2021). The Return of the "Lurker": A Longitudinal Study of Citizens' Use of Social Media in Danish Elections 2011, 2015, and 2019. *Social Media + Society*, *7*(4). https://doi.org/10.1177/20563051211063463

Jeroense, T., & Spierings, N. (2022). Political participation profiles. *West European Politics*, *46*(1), 1--23. https://doi.org/10.1080/01402382.2021.2017612

Kersing, M., Oldenhof, L., Putters, K., & Zoonen, L. van. (2025). Catching the bad apples to keep up the good work: Dutch municipal government perspectives on data-driven technologies in unemployment. *Data & Policy*, *7*. https://doi.org/10.1017/dap.2025.10026

Koivula, A., Malinen, S., & Saarinen, A. (2021). The voice of distrust? The relationship between political trust, online political participation and voting. *Journal of Trust Research*, *11*(1), 59--74. https://doi.org/10.1080/21515581.2022.2026781

Kühn, C., Khoo, S., Czerniewicz, L., Lilley, W., Bute, S. J. R., Crean, A., Abegglen, S., Burns, T., Sinfield, S., Jandrić, P., Knox, J., & MacKenzie, A. (2023). Understanding Digital Inequality: A Theoretical Kaleidoscope. *Postdigital Science and Education*, *5*(3), 894--932. https://doi.org/10.1007/s42438-023-00395-8

Kutty, A. A., Wakjira, T. G., Küçükvar, M., Abdella, G. M., & Onat, N. C. (2022). Urban resilience and livability performance of European smart cities: A novel machine learning approach. *Qatar University QSpace (Qatar University)*, *378*, 134203--134203. https://doi.org/10.1016/j.jclepro.2022.134203

Laborgne, P., Ekille, E., Wendel, J., Pierce, A. L., Heyder, M., Suchomska, J., Nichersu, I., Balaican, D., Ślebioda, K., Wróblewski, M., & Goszczyński, W. (2021). Urban Living Labs: how to enable inclusive transdisciplinary research? *Urban Transformations*, *3*(1), 11--11. https://doi.org/10.1186/s42854-021-00026-0

Lybeck, R., Koiranen, I., & Koivula, A. (2023). From digital divide to digital capital: the role of education and digital skills in social media participation. *Universal Access in the Information Society*, *23*(4), 1657--1669. https://doi.org/10.1007/s10209-022-00961-0

Makanadar, A. (2024). Digital surveillance capitalism and cities: data, democracy and activism. *Humanities and Social Sciences Communications*, *11*(1). https://doi.org/10.1057/s41599-024-03941-2

Mellon, J., Sjöberg, F. M., Peixoto, T., & Lueders, J. (2025). The haves and the have nots: Civic technologies and the pathways to government responsiveness. *Government Information Quarterly*, *42*(1), 102007--102007. https://doi.org/10.1016/j.giq.2025.102007

Noorman, M., & Swierstra, T. (2023). Democratizing AI from a Sociotechnical Perspective. *Minds and Machines*, *33*(4), 563--586. https://doi.org/10.1007/s11023-023-09651-z

Norris, P. (2001). *Digital divide: Civic engagement, information poverty, and the Internet worldwide*. Cambridge University Press.

Oser, J., Grinson, A., Boulianne, S., & Halperin, E. (2022). How Political Efficacy Relates to Online and Offline Political Participation: A Multilevel Meta-analysis. *Political Communication*, *39*(5), 607--633. https://doi.org/10.1080/10584609.2022.2086329

Oswald, L. (2024). More than news! Mapping the deliberative potential of a political online ecosystem with digital trace data. *Humanities and Social Sciences Communications*, *11*(1). https://doi.org/10.1057/s41599-024-03115-0

Palacin, V., McDonald, S., Aragón, P., & Nelimarkka, M. (2023). Configurations of Digital Participatory Budgeting. *ACM Transactions on Computer-Human Interaction*, *31*(2), 1--28. https://doi.org/10.1145/3635144

Pantić, M., Cilliers, E. J., Cimadomo, G., Montaño, F., Olufemi, O., Mallma, S. T., & Berg, J. (2021). Challenges and Opportunities for Public Participation in Urban and Regional Planning during the COVID-19 Pandemic---Lessons Learned for the Future. *Land*, *10*(12), 1379--1379. https://doi.org/10.3390/land10121379

Park, J., & Hong, A. J. (2025). Development and validation of civic engagement scale. *Humanities and Social Sciences Communications*, *12*(1). https://doi.org/10.1057/s41599-025-05837-1

Presuel, R. C., & Sierra, J. M. M. (2023). The Adoption of Artificial Intelligence in Bureaucratic Decision-making: A Weberian Perspective. *Digital Government Research and Practice*, *5*(1), 1--20. https://doi.org/10.1145/3609861

Radicioni, T., Saracco, F., Pavan, E., & Squartini, T. (2021). Analysing Twitter semantic networks: the case of 2018 Italian elections. *Scientific Reports*, *11*(1), 13207--13207. https://doi.org/10.1038/s41598-021-92337-2

Raihan, M. M. H., Subroto, S., Chowdhury, N., Koch, K., Ruttan, E., & Turin, T. C. (2024). Dimensions and barriers for digital (in)equity and digital divide: a systematic integrative review. *Digital Transformation and Society*, *4*(2), 111--127. https://doi.org/10.1108/dts-04-2024-0054

Rajendran, J. (2023). Social media engagement and democracy: Understanding the impact of social media on youth civic engagement in Tanzania. *Journal of Media and Communication Studies*, *15*(2), 13--20. https://doi.org/10.5897/jmcs2023.0795

Schäfer, S., & Schemer, C. (2024). Informed participation? An investigation of the relationship between exposure to different news channels and participation mediated through actual and perceived knowledge. *Frontiers in Psychology*, *14*, 1251379--1251379. https://doi.org/10.3389/fpsyg.2023.1251379

Schmitt, J. B., Baake, J., & Kero, S. (2024). What means civic education in a digitalized world? *Frontiers in Psychology*, *15*, 1257247--1257247. https://doi.org/10.3389/fpsyg.2024.1257247

Shahab, S., Bagheri, B., & Potts, R. (2021). Barriers to employing e-participation in the Iranian planning system. *Cities*, *116*, 103281--103281. https://doi.org/10.1016/j.cities.2021.103281

Sharma, S., Kar, A. K., Gupta, M. P., Dwivedi, Y. K., & Janssen, M. (2022). Digital citizen empowerment: A systematic literature review of theories and development models. *Information Technology for Development*, *28*(4), 660--687. https://doi.org/10.1080/02681102.2022.2046533

Sigfrids, A., Leikas, J., Salo-Pöntinen, H., & Koskimies, E. (2023). Human-centricity in AI governance: A systemic approach. *Frontiers in Artificial Intelligence*, *6*, 976887--976887. https://doi.org/10.3389/frai.2023.976887

Sio, F. S. de, & Mecacci, G. (2021). Four Responsibility Gaps with Artificial Intelligence: Why they Matter and How to Address them. *Philosophy & Technology*, *34*(4), 1057--1084. https://doi.org/10.1007/s13347-021-00450-x

Sleigh, J., & Vayena, E. (2021). Public engagement with health data governance: the role of visuality. *Humanities and Social Sciences Communications*, *8*(1). https://doi.org/10.1057/s41599-021-00826-6

Solverson, E., Geiß, S., & Magin, M. (2025). The Complexity of Contemporary Citizenship: A Typology of Citizenship Orientations Among Norwegian Digital Natives. *Social Media + Society*, *11*(3). https://doi.org/10.1177/20563051251346744

Theocharis, Y., Boulianne, S., Koç-Michalska, K., & Bimber, B. (2022). Platform affordances and political participation: how social media reshape political engagement. *West European Politics*, *46*(4), 788--811. https://doi.org/10.1080/01402382.2022.2087410

Tomasello, F. (2023). Digital Civics and Algorithmic Citizenship in a Global Scenario. *Philosophy & Technology*, *36*(2). https://doi.org/10.1007/s13347-023-00638-3

Tsamados, A., Aggarwal, N., Cowls, J., Morley, J., Roberts, H., Taddeo, M., & Floridi, L. (2021). The ethics of algorithms: key problems and solutions. *AI & Society*, *37*(1), 215--230. https://doi.org/10.1007/s00146-021-01154-8

Tseng, Y. (2022). Algorithmic empowerment: A comparative ethnography of two open-source algorithmic platforms -- Decide Madrid and vTaiwan. *Big Data & Society*, *9*(2). https://doi.org/10.1177/20539517221123505

van Dijk, J. A. G. M. (2005). *The deepening divide: Inequality in the information society*. Sage.

Verba, S., Schlozman, K. L., & Brady, H. E. (1995). *Voice and equality: Civic voluntarism in American politics*. Harvard University Press.

Wang, S., Zhang, Y., Xiao, Y., & Liang, Z. (2025). When artificial intelligence meets accountability: Who holds legitimacy as account givers and holders? *Big Data & Society*, *12*(4). https://doi.org/10.1177/20539517251392100

Wegner, L., Mirsch, M., & Leicht-Scholten, C. (2026). The emerging relevance of relational justice within algorithmic fairness research: a systematic literature review. *AI and Ethics*, *6*(2). https://doi.org/10.1007/s43681-026-01036-z

Weigl, L., Roth, T., Amard, A., & Zavolokina, L. (2024). When public values and user-centricity in e-government collide -- A systematic review. *Open Repository and Bibliography (University of Luxembourg)*, *41*(3), 101956--101956. https://doi.org/10.1016/j.giq.2024.101956

Wenzelburger, G., König, P. D., Felfeli, J., & Achtziger, A. (2022). Algorithms in the public sector. Why context matters. *Public Administration*, *102*(1), 40--60. https://doi.org/10.1111/padm.12901

Yao, X., & Lin, L. (2026). Reframing digital literacy: current paradigms, core challenges, and future research directions. *Humanities and Social Sciences Communications*. https://doi.org/10.1057/s41599-026-07496-2

Yiğitcanlar, T., Corchado, J. M., Mehmood, R., Li, R. Y. M., Mossberger, K., & Desouza, K. C. (2021). Responsible Urban Innovation with Local Government Artificial Intelligence (AI): A Conceptual Framework and Research Agenda. *Journal of Open Innovation Technology Market and Complexity*, *7*(1), 71--71. https://doi.org/10.3390/joitmc7010071

Züger, T., & Asghari, H. (2022). AI for the public. How public interest theory shifts the discourse on AI. *AI & Society*, *38*(2), 815--828. https://doi.org/10.1007/s00146-022-01480-5

Авторлар туралы мәлімет:

Сүйіндіков Сүйінбай Салыұлы – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Саясаттану және саяси технологиялар кафедрасының ассистент-профессор, PhD докторы (Алматы, Қазақстан, e-mail: suinacademy@gmail.com, ORCID: https://orcid.org/0000-0001-9750-9249).

Мұсатаев Сейілбек Шаяхметұлы – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Саясаттану және саяси технологиялар кафедрасының доценті, саяси ғылымдарының докторы (Алматы, Қазақстан, e-mail: mceka@mail.ru, ORCID: https://orcid.org/0000-0001-6955-5432).

Риза Иса – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Саясаттану және саяси технологиялар кафедрасының PhD докторанты (Алматы, Қазақстан, e-mail: rizazhan.isa@gmail.com, https://orcid.org/0009-0000-2799-9211

Махмутов Бекен Лесбекұлы – Алматы Технологиялық Университеті, Әлеуметтік гуманитарлық пәндер кафедрасының қауымдастырылған профессоры м.а, Ph.D (Алматы, Қазақстан, e-mail: beken.makhmutov@mail.ru, https://orcid.org/0000-0001-5111-3468).

Information about the authors:

Suyindikov Suinbai Salyuly – Assistant Professor, Department of Political Science and Political Technologies, Al-Farabi Kazakh National University, PhD (Almaty, Kazakhstan, e-mail: suinacademy@gmail.com, ORCID: https://orcid.org/0000-0001-9750-9249).

Mussatayeva Seilbek Shayakhmetuly – Associate Professor, Department of Political Science and Political Technologies, Al-Farabi Kazakh National University, Doctor of Political Sciences (Almaty, Kazakhstan, e-mail: mceka@mail.ru, ORCID: https://orcid.org/0000-0001-6955-5432).

Riza Isa – PhD Candidate, Department of Political Science and Political Technologies, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: rizazhan.isa@gmail.com, ORCID: https://orcid.org/0009-0000-2799-9211).

Makhmutov Beken Lesbekuly – Acting Associate Professor, Department of Social and Humanitarian Disciplines, Almaty Technological University, PhD (Almaty, Kazakhstan, e-mail: beken.makhmutov@mail.ru, ORCID: https://orcid.org/0000-0)

Сведения об авторах:

Сүйіндіков Сүйінбай Салыұлы – PhD, ассистент-профессор кафедры политологии и политических технологий Казахского национального университета имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: suinacademy@gmail.com).

Мусатаев Сейилбек Шаяхметович – доктор политических наук, ассоциированный профессор кафедры политологии и политических технологий Казахского национального университета имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: mceka@mail.ru).

Риза Иса – PhD-докторант кафедры политологии и политических технологий Казахского национального университета имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: rizazhan.isa@gmail.com).

Махмутов Бекен Лесбекович – PhD, исполняющий обязанности ассоциированного профессора кафедры социально-гуманитарных дисциплин Алматинского технологического университета (Алматы, Казахстан, e-mail: beken.makhmutov@mail.ru).

Поступила 2.03.2026
Принята 20.07.2026